**Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 қаңтар N 63

Аса көрнекті қазақ жазушысы, Социалистік Еңбек Ері, академик Ғабит

Мүсіреповтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 19 қаңтардағы
N 63 қаулысына
қосымша

Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толу
мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі
республикалық комиссияның
ҚҰРАМЫ

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен.

P020397_

Тасмағамбетов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі,

| | |
|---|---|
| Иманғали Нұрғалиұлы | төраға |
| Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, төрағаның орынбасары |
| Оразалин Нұрлан Мырқасымұлы | - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, (келісім бойынша) |
| Жолдасбеков Мырзатай | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры |
| Қасқабасов Сейіт Асқарұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры |
| Қайырбеков Әділғазы Жақсылықұлы | - С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры (келісім бойынша) |
| Қошанов Аманжол Қошанұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің хатшысы, академик (келісім бойынша) |
| Мүсірепова Энгелина Ғабитқызы | - жазушының қызы (келісім бойынша) |
| Нарымбетов Әбділхамит Қуанұлы | - филология ғылымының докторы, мүсіреповтанушы (келісім бойынша) |
| Нағыманов Қажымұрат Ыбырайұлы | - Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| Храпунов Виктор Вячеславович | - Алматы қаласының әкімі |
| Тілеухан Бекболат Қанайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы |
| Беркімбаева | - Қазақстан Республикасының Білім |

Шәмша Көпбайқызы           және ғылым министрі
Тоқаев                  - Қазақстан Республикасының
Қасымжомарт Кемелұлы       Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан
                       Республикасының Сыртқы істер министрі
Алдажұманов             - Қазақстан Республикасы Білім және
Қайдар Сейсенбайұлы        ғылым министрлігінің Ш. Уәлиханов
                       атындағы Тарих және этнология
                       институты директорының міндетін
                       атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 19 қаңтардағы
N 63 қаулысымен
бекітілген

Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толу
мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар
жоспары

| р/с N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Орындау үшін жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғ.Мүсірепов шығармаларының қазақ және орыс тілдеріндегі 10 томдық академиялық жинағын, "Ғабит Мүсірепов" энциклопедия. сын, "Ғ.Мүсірепов. Өмірі мен шығармашылығы" атты библиогра. фиялық көрсеткішін, "Естеліктер" кітабын шығару | 2002-2007 ж.ж. | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі және Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 2 | Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен қыз. метін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 3 | "Ғабит Мүсірепов және әлемдік әдеби процесс" атты халықаралық конференция өткізу | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі және Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Оқу орындарында, кітапханаларда, Ғ.Мүсіреповтің мерейтойына арналған ғылыми-практикалық конференциялар, Мүсірепов оқуларын, тақырыптық кештер дайындау және ұйымдастыру | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі және Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 5 | Ғ.Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толуына арналған іс-шаралар өткізу | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 6 | Ғ.Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу | 2002 ж. | Алматы қаласының әкімі |
| 7 | Алматы қаласындағы Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар және жастар театры үйінің алдында Ғ.Мүсіреповтің ескерткіш мүсінін орнату және салтанатты ашу | 2002 ж. | Алматы қаласының әкімі |
| 8 | Солтүстік Қазақстан облысында Ғ.Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу | 2002 ж. | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 9 | Солтүстік Қазақстан облысының аудандарының біріне Ғабит Мүсіреповтің есімін беру | 2002 ж. | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 10 | Ғ.Мүсірепов "Қыз Жібек" киносценарийінің 15 баспа табағын (қазақ, орыс, француз, ағылшын тілдерінде) дайындау және жазу | 2002 ж. | С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені және "Қазақстан" тарихи-генеалогиялық қоры (келісім бойынша) |

------------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК